**Протокол общественных слушаний посредством открытых собраний**

1. Наименование местного исполнительного органаадминистративно-территориальной единицы (областей, городов республиканскогозначения, столицы), на территории которого осуществляется деятельность,или на территорию которого будет оказано влияние:
*Акимат Жанаарыкского сельского округа Сарысуского района Жамбылской области*

2. Предмет общественных слушаний:
*Проектные материалы для оформления Экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензиям №1871-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42- 20-(10д-5а-4,5), №1868-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5б-1) и №1870-EL от 26 октября 2022 года границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5б-6) в Сарысуском районе Жамбылской области»*
(полное, точное наименование рассматриваемых проектных материалов)

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды илиместного исполнительного органа области, городов республиканского значения,столицы, в адрес которого направлены материалы, выносимые на общественные слушания.
*РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов РК*

4. Местонахождение намечаемой деятельности:
*В границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10д-5б-1,6) в Сарысуском районе Жамбылской области.*

*Географические координаты лицензий:*

| *№ точек* | *Координаты точек* | |
|---|---|---|
| | *северная широта* | *восточная долгота* |
| *1* | *43°30'00"* | *69°43'00"* |
| *2* | *43°30'00"* | *69°46'00"* |
| *3* | *43°28'00"* | *69°46'00"* |
| *4* | *43°28'00"* | *69°45'00"* |
| *5* | *43°29'00"* | *69°45'00"* |
| *6* | *43°29'00"* | *69°43'00"* |

(полный, точный адрес, географические координаты территории участка намечаемой деятельности)

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых
возможным воздействием намечаемой деятельности:
*Жанаарыкский сельский округ, аул УзакбайСыздыкбаева*
(перечень административно–территориальных единиц, на территорию которых можетбыть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности ина территории которых будут проведены общественные слушания)

6. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности:
*ТОО «ЭмЭс Ресорсез», БИН 200740007856, Адрес: РК, г. Алматы, ул. Байзакова, дом 223, кв.70, тел.+7 778 660 56 91, bramazanov@list.ru*
(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях,или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегическойэкологической оценке, или разработчиков документации объектов государственнойэкологической экспертизы.
*ТОО «ЭКО и К», БИН 061240005922, адрес: г.Алматы, ул.Межинского,11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75*
(в том числе точное название, юридический и фактический адрес, БИН, ИИН, телефоны, факсы, электронные почты, сайты)

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний):
*24декабря 2025 года, в 12-00, Сарысуском районе, аул УзакбайСыздыкбаева, аульный клуб.Подключение к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, идентификатор встречи: 932-432-428-412.*
(дата, время начала регистрации участников, время начала общественных слушаний, полный и точный адрес места проведения слушаний.В случае продления общественных слушаний указываются все даты).

9. Копия письма-запроса от инициатора намечаемой деятельности и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц(областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условийпроведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколуобщественных слушаний.

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Решения участников общественных слушаний:

1. *Участниками общественных слушаний был выбран секретарь общественных слушаний Шабантаев Аскар, заместитель директора ТОО «Эм Эс Ресорсиз». Количество участников ____, «за» ___, «против» 0, «воздержавшихся» - 0.*
2. *Также был утверждён регламент проведения общественных слушаний. Количество участников ___, «за» ___, «против» 0, «воздержавшихся» 0.*

13. Сведения о всех заслушанных докладах:
Мусабаев Н.Т. - Заместитель директора ТОО «Эм Эс Ресорсиз»
(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименованиепредставляемой организации)
*Проектные материалы для оформления Экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензиям №1871-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42- 20-(10д-5а-4,5), №1868-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5б-1) и №1870-EL от 26 октября 2022 года границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5б-6) в Сарысуском районе Жамбылской области», 10 слайдов*
(тема доклада, количество страниц, слайдов, файлов, плакатов, чертежей)
Тексты докладов по документам, выносимым на общественные слушания, прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

14. Во время проведения общественных слушаний поступило ___ вопросов от присутствующих, вопросы и ответы приведены ниже в сводной таблице замечаний и предложений, на момент проведения общественных слушаний приведённые замечания были отработаны и сняты.

15. Замечаний о качестве рассматриваемых документов и заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, а также рекомендаций по их улучшению, от участников общественных слушаний не последовало, что говорит о положительном мнении участников

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

17. Председатель общественных слушаний:
Дуйсен Ж.Д., аким Жанаарыкского сельского округа____________________
(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организациипредставителем которой является, подпись, дата)

18. Секретарь общественных слушаний:
Шабантаев А., Заместитель директора ТОО «Эм Эс Ресорсиз»
(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организациипредставителем которой является, подпись, дата)

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

| № р/ с | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы) |
|---|---|---|---|
| | Қадырбеков Есен, ауыл тұрғыны — Қазіргі уақытта кен орындарын ашуларыңызға байланысты су деңгейінің төмендеуі байқалады. Осыған байланысты көршілес аумақтардағы құрылыс және басқа да мәселелер бойынша қандай мүмкіндіктер қарастырылған? | Мусабаев Н.Т. - ЖШС «Эм Эс Ресорсиз», директор орынбасары — Бұл мәселені болашақта міндетті түрде қарастырамыз. Алдымен бізге қажетті зерттеулерді аяқтауымыз керек. Біз кен орнындағы фосфориттің мөлшерін және оны өндіруге кететін шығындарды зерттеп жатырмыз.<br>Қазіргі таңда он төрт ұңғыма қазылады. Соның ішінде он ұңғыма, қажетті сынама материалдарын алғаннан кейін қайтадан консервациялап, көміп, жерді бастапқы қалпына келтіреміз. Уайымдамаңыздар, ұңғымалар ашық күйінде қалмайды.<br>Болашақта жұмыс барысында жайылымдарға немесе су деңгейіне қатысты мәселе туындаса, біз сіздерді сумен қамтамасыз етуді өз мойнымызға аламыз. Бұл ұңғымалар фосфориттің сапасы мен қорын анықтау мақсатында ашылды. Лабораториялық зерттеулерден кейін мемлекет өндіріс көлемін бекітеді. Сондай-ақ, қоршаған ортаға әсері де мұқият тексеріледі. Сіздер қаласаңыздар, барып өз көздеріңізбен көре аласыздар.<br>Халық арасында ұңғыма қазу су деңгейін төмендетеді» деген қауесет бар, бірақ бұл ғылыми негізсіз сөз. Су деңгейі барлық жерде солай. Бұл жобадан ешқандай зиян келмейді, керісінше, жаңа жұмыс орындары ашылып, халық жұмыспен қамтылады. Біз өндіретін фосфорит өнімі экологияға зиянсыз. Болашақта, шикізат қоры нақтыланған соң, Төңіректе мини-фабрика салуды жоспарлап отырмыз. | Алынып тасталды |
| | Ердешов Сәбит, ауыл тұрғыны — Егер ертеңгі күні су тартылып кетсе немесе экологиялық зардаптар тисе, оған кім жауап | Мусабаев Н.Т. - ЖШС «Эм Эс Ресорсиз», директор орынбасары Бұл мәселенің барлығы заң аясында шешіледі. Біз кез келген жұмысты | Алынып тасталды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | береді? Бізді осы мәселе көбірек алаңдатады. Сондай-ақ, ауылдың маңайындағы жайылым жерлердің тағдыры не болмақ? | бастамас бұрын экологиялық сараптамадан өтеміз. Егер су деңгейіне қатысты қандай да бір мәселе туындаса, мекеме оны қалпына келтіруге немесе баламалы су көздерін тауып беруге міндетті. Жайылым мәселесіне келсек, біз тек белгіленген аумақтарда ғана жұмыс істейміз. Ауыл шаруашылығы жерлеріне нұқсан келтірмеу — басты назарымызда. Сонымен қатар, біз жергілікті халық үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға тырысамыз. Мысалы, өндіріс басталғанда техникалар мен жұмыс күшін бірінші кезекте осы ауылдан алатын боламыз.<br>Біздің мақсатымыз — тек пайда табу емес, аймақтың экономикасын көтеру. Барлық құжаттар ашық, кез келген уақытта тексеріп, танысуларыңызға болады. Біз халықпен ашық диалог орнатуға дайынбыз және әрбір сұраққа жауап береміз. | |
| | Дуйсен Ж.Д., Жанаарык аеылдық округінің акімі<br>- Сіздің мекемеңіз біздің өңірге жайылымға керек суға ұнғыр қазып берме деп ұмытенеміз | Мусабаев Н.Т. - ЖШС «Эм Эс Ресорсиз», директор орынбасары<br>Егер зерттеу нәтижелері оң болса, бұл жоба аймақ үшін үлкен стратегиялық маңызға ие болады. Біріншіден, бұл — жаңа инвестициялар. Екіншіден, бұл — жергілікті тұрғындар үшін тұрақты жұмыс орындары. Біз осы өңірінің әлеуметтік жағдайын көтеруге мүдделіміз. Мини-фабрика салу жоспары тек өндіріс қана емес, сонымен қатар жаңа инфрақұрылымның дамуына жол ашады. | Алынып тасталды |

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25441131001, Дата: 11/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Проектные материалы для оформления Экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензиям №1871-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории K-42- 20-(10д-5а-4,5), №1868-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории K-42-20-(10д-5б-1) и №1870-EL от 26 октября 2022 года границах лицензионной территории K-42-20-(10д-5б-6) в Сарысуском районе Жамбылской области»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева, клуб а.Узакбай Сыздыкбаева, 24/12/2025 12:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (2 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Газета "Жамбыл-Тараз"; телеканал 77 tv

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Доска объявлений сельский клуб

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного

исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Эм Эс Ресорсез"" (БИН: 200740007856), +7(707)-599-10-05, bramazanov@list.ru, ndbecology.gov.kz

Представитель: Кудабаев К.М.

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «ЭКО и Ко» Государственная лицензия № 01307Р от 01.09.2009 г.

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25441131001, Дата: 11/11/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25441131001, от 11/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проектные материалы для оформления Экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензиям №1871-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории K-42- 20-(10д-5а-4,5), №1868-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории K-42-20-(10д-5б-1) и №1870-EL от 26 октября 2022 года границах лицензионной территории K-42-20-(10д-5б-6) в Сарысуском районе Жамбылской области», в предлагаемую Вами 24/12/2025 12:00, Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева, клуб а.Узакбай Сыздыкбаева(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Эм Эс Ресорсез"" (БИН: 200740007856), +7(707)-599-10-05, bramazanov@list.ru, ndbecology.gov.kz

Представитель: Кудабаев К.М.

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «ЭКО и Ко» Государственная лицензия № 01307P от 01.09.2009 г.

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Регистрационный лист участников общественных слушаний**
**Қоғамдықтыңдауларғақатысушылардыңтіркеупарағы**

**«ЭмЭсРесорсез» ЖШС**
**24.12.2025 ж.**

| № | **ФИО (при наличии)** **ТегіАтыӘкесініңаты** (бар болса) | **Категория участника** (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, инициатора) **Қатысушысанаты** (мүдделіжұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттікорганның, бастамашыныңөкілі) | **Контактный номер телефона** **Байланыс телефон нөмірі** | **Форма участия** (лично или посредством конференц-связи) **Қатысунысаны**(жекенемесе конференц-байланысарқылы) | **Подпись** **Қолы** (ашықжиналысқақатысқанжағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ердешов Сәбит | | 87782062267 | | [signature] |
| 2. | Тоқшинова Нұргүл | | 87750426864 | | [signature] |
| 3 | Қартанбаева Айжамал | | 77055499133 | | [signature] |
| 4 | Кадырбеков Есен | | | | |
| 5 | Избасарова Ботагоз | | 87770854112 | | [signature] |
| 6 | Сарыбай Бақыт | | 87025234083 | | [signature] |
| 7 | Куменбаев Амандык | | 87024178284 | | [signature] |
| 8 | Садуақасов Айдарбек | | 87787340941 | | [signature] |
| 9. | Сүйінбеков Бақыт | | 8778280446 | | [signature] |
| 10 | Дүйсан Айбота | | 87781841838 | | [signature] |


АЛОВ
19.11.2025

«ЭмЭс Ресорсез» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 4-тармағына сәйкес, Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10д-5б-1,6) лицензиялық аумағының шекарасындағы 2022 жылғы 26 қазандағы № 1871-EL, № 1868-EL, № 1870-EL лицензиялары бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының» қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Тыңдау 2025 жылғы 24 желтоқсанында сағат 12:00-де келесі мекенжайда өтеді: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі, Ұзақбай Сыздықбаев ауылы, ауыл клубы. Qosyl сайтындағы кездесуге қосылыңыз: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, кездесу идентификаторы: 932-432-428-412.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі (43° 30'41"N, 69°47'11"E)

Тапсырыс беруші – «ЭмЭс Ресорсез» ЖШС, БСН 200740007856, Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақова көшесі, 223-ғимарат, 70-пәтер, Тел.: +7 778 660 56 91

Қоршаған ортаны бағалау есебін әзірлеуші: «ECO и K» ЖШС, БСН 061240005922, Мекенжайы: Алматы қаласы, Межинский көшесі, 11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылған материалдарды және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамаларын ndbecology.gov.kz порталының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінен табуға болады. Барлық пікірлер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган - «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті» мемлекеттік мекемесі: s.agabek@zhambyl.gov.kz, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133а, тел.: +7 (7262) 45-15-03.

Мемлекеттік экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган - «Жамбыл облысының экология департаменті» мемлекеттік мекемесі.

Қосымша ақпаратты bramazanov@list.ru электрондық поштасы немесе 8 (778) 660-56-91 телефоны арқылы алуға болады.

ТОО «ЭмЭс Ресорсез» в соответствии с п.4 ст.73 Экологического кодекса РК объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам раздела охраны окружающей среды на «План разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензии №1871-EL, №1868-EL, №1870-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10д-5б-1,6) в Сарысуском районе Жамбылской области».

Слушания будут проведены 24 декабря 2025 года, в 12-00 по адресу: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева, клуб а.Узакбай Сыздыкбаева. Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, идентификатор встречи: 932-432-428-412.

Территория воздействия: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о. (43° 30'41"С, 69°47'11"В)

Заказчик – ТОО «ЭмЭс Ресорсез», БИН 200740007856, Адрес: РК, г. Алматы, ул. Байзакова, дом 223, кв.70, тел.+7 778 660 56 91

Разработчик Отчета экологической оценки – ТОО «ЭКО и К», БИН 061240005922, адрес: г.Алматы, ул.Межинского,11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания». Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области»: s.agabek@zhambyl.gov.kz, г. Тараз, проспект Абая, 133а, тел: +7 (7262) 45–15–03.

Государственный орган по проведению государственной экологической экспертизы – РГУ «Департамент экологии по Жамбылской области».

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу bramazanov@list.ru и по телефону: 8 (778) 660-56-91.

19.11.2025


АЛОВ
19.11.2025




ОТБАСЫ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ






ТҰМАУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ: САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰМЫТПАҢЫЗ!

№91 (2004)
19 қараша 2025 жыл, сәрсенбі

# JAMBYL TARAZ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ӨРЛЕУ-ӨРІС

# ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

## Таразда автомобильдік газ толтыратын компрессорлық станция іске қосылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Жолдауында инвестиция тарту мәселесіне айрықша тоқталған болатын.

Құрбанәлі ШАХАБАЙ






– Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет. Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен карауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады, – деген Президент Үкімет пен әкімдерге нақты тапсырмалар жүктеген еді.

Бұл бағытта Тараз қаласында ілкімді істер қолға алынуда. Айталық, күні кеше облыс орталығында автомобильдік газ толтыратын компрессорлық станция іске қосылды. Салтанатты шараға Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, бұл нысанның қала экологиясы үшін маңызы зор екенін айрықша атап өтті.

– Бүгінде қалада инвестиция тарту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, 2023-2024 жылдары жалпы құны 21,4 миллиард теңгені құрайтын 7 инвестициялық жоба іске асырылып, онда 395 жаңа жұмыс орыны құрылды. Ал ағымдағы жылы логистика саласында «Югай Юг Такси» электрлі таксиі және электр станциясын орнату жобасы іске асып, жоба құны 420 миллион теңгені құрады. Бұдан бөлек жыл соңына дейін 29,0 миллиард теңгеге 9 жобаны жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Бүгінгі жобаның да шаһарымыздың экологиясы мен экономикасы үшін маңызы ерекше, – деді Бақытжан Әмірбекұлы.

Ерекше атап өтерлігі, Қазақстан Республикасының көлік секторын экологиялық тұрғыдан жақсарту, газмоторлық инфрақұрылымды дамытуды мақсат еткен инвестициялық жобаны «QazMetanPro» ЖШС жүзеге асырып отыр.

Бұл станция тәулігіне 500 көлікті газбен қамтамасыз ете алады. Оған жүк, жолаушы және транзиттік көліктер, соның ішінде Қытай, Ресей, Өзбекстан бағытындағы маршруттар да кіреді. Сондай-ақ станция 50 жаңа жұмыс орнын ашуға және табиғи газды мотор отыны ретінде кеңінен пайдалануға, транзиттік жолдағы қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Келер жылы осы жобаның жалғасы ретінде 50 газмоторлық қоғамдық көлік сатып алу және жаңа автобустар паркін салу жоспарлануда.

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?



# ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНІҢ АҚ ГҮЛІ ЕДІ

Ұлт руханияты орны толмас қазаға душар болды. Сонау 70-жылдары қазақ әдебиетінің есігін имене ашып, өлең өлкесінде өз өрнегін қалдырған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы Күләш Ахметова 80 жасқа қараған шағында туған халқымен мәңгілікке қоштасты.

Күләш Ділдәқызы Ахметова 1946 жылы 25 сәуірде Қырғызстанда дүниеге келген. Жамбыл облысы Талас ауданындағы Үшарал орта мектебін, 1961 жылы Жамбыл медициналық училищесін, 1973 жылы Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдады. Еңбек жолында Үшарал медпунктінің меңгерушісі, Талас аудандық «Ленин жолы» газетінің қызметкері болды. Сондай-ақ 1973–1977 жылдары республикалық «Қазақстан пионері» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1977–1980 жылдары «Жалын» баспасының поэзия бөлімінде меңгеруші, редактор қызметтерін атқарды.

Көктемде дүниеге келіп, күздің қараша құстарымен бірге қайтқан ардақты ақынның алғашқы өлеңдері шәкірт шағында-ақ жарияланып, оқырман ықыласына бөленген болатын. Сезім мен сырға толы жырлары өзбек, башқұрт, қырғыз секілді түркі халықтарының тілдеріне, сондай-ақ орыс, украин, белорус тілдеріне аударылып, мектеп оқулықтарына да енді. Өзі де шебер аудармашы ретінде А.Ахматова, А.Межиров, Н.Ислам, Э.Межелайтис секілді әлемдік деңгейдегі қаламгерлердің өлеңдерін қазақы тілмен кестелеп, ұлттық әдебиетке қосты.

Ақынның «Ақ гүлім менің», «Сен менің бақытымсың», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Мейірім», «Жапырақ – жаздың жүрегі» секілді жинақтары жарық көріп, оқырманнан лайықты бағасын алды. Әдебиетіміздің абыздары – Әбділда Тәжібаев, Тәкен Әлімқұлов, Жұмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырзалиев, Әбіш Кекілбаев оның шығармашылығына аса жоғары пікір білдірді.

→ 3

# ЖЫЛЫНА 70 МЫҢ ТОННА

## ӘК ӨҢДЕЙТІН ЖАҢА ЗАУЫТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Жамбыл облысының «Тараз» индустриялық аймағында жылына 70 мың тонна жоғары сапалы күйдірілген әк өндіретін зауыт ашылды.

Салтанатты іске қосу рәсіміне өңір басшысы Ербол Қарашөкеев, «Жамбыл Invest: жаңа жобалар – жаңа жұмыс орындары» республикалық баспасөз турына келген журналистер және жергілікті тұрғындар қатысты.

Бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңдеу саласына инвестиция тарту туралы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылды. Инвестициялық құны 2 млрд теңге болатын кәсіпорын 100 жаңа жұмыс орнының құрылуына ықпал етті.

Өндіріс ошағы қажетті шикізатты жеке карьерінен алады, бұл әктасты қазудан бастап дайын өнім шығаратын кезеңге дейін сапаны тұрақты бақылауға мүмкіндік береді. Өнім өндірушісі – «KazGeoEnergy» ЖШС, өңірдегі 1-сыныпты әк шығаратын жалғыз кәсіпорын.

Зауыт заманауи технологиялармен және озық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оның ішінде немістің Siemens AG мониторинг жүйесі орнатылып, өндірістің барлық кезеңінде сапаны жоғары дәлдікпен бақылауды қамтамасыз етеді.

Өндірілетін күйдірілген әк экономиканың негізгі салаларында, атап айтқанда байланыстырғыш материал ретінде, силикат кірпіш, цемент, газоблок, сылақ өнімдерін дайындауда, оспаларды бөліп алу және кенді байыту кезінде флюс ретінде, сода, кальций карбиді, ацетилен, бояу-лак өнімдерін өндіруде негізгі шикізат ретінде және қант, нан, сүт өнімдерін әзірлеуде кеңінен қолданылады. Сондай-ақ Е-529 тағамдық қоспасының құрамына кіреді

Жаңа зауыт өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырудағы маңызды қадам болып отыр. Ол облыс экономикасына елеулі үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, импортты алмастыруға және отандық өнеркәсіпті нығайтуға мүмкіндік береді.

**Аман ЕСЕН**

САЛАҒА СЕРПІН

Тараз қаласында еліміздегі екінші ірі құс етін өңдеу зауыты іске қосылды. Жылдық қуаттылығы 70 мың тонна болатын бұл ауқымды жобаны «Алель Агро» акционерлік қоғамы 19,8 миллиард теңге инвестиция құю арқылы табысты жүзеге асырды.




# КӨНЕ ШАҺАРДА ҚҰС ЕТІ ӨНДІРІЛЕДІ

Салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімі Ербол Қарашөкеев, кәсіпорын өкілдері, «Жамбыл Invest: жаңа жобалар – жаңа жұмыс орындары» республикалық баспасөз турына келген журналистер және жергілікті тұрғындар қатысты.

Инвестициялық жоба Мемлекет басшысының агроөнеркәсіп кешенін дамыту, өңдеуді тереңдету және қайта өңделген өнім үлесін арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылып отыр.

Зауытта әлемдік жетекші компаниялардың заманауи жабдықтары орнатылған, барлық технологиялық үдерістер халықаралық стандарттарға сай жүргізіледі. Бұл өнім сапасын тұрақты бақылауға және өндірістік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Алель Агро» АҚ-ның Жамбыл филиалы – құс шаруашылығы саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі. Негізгі бағыты – бройлер тұқымды құстардың етін өндіру және қайта өңдеу. Компания толық өндірістік циклді жүзеге асырады: балапандарды инкубациялаудан бастап, құсты өсіру, ет өндіру және дайын өнімді нарыққа шығару кезеңдерінің барлығын қамтиды.

Кәсіпорынның қазіргі қуаты – жылына 10 мың құс еті. Қазіргі таңда зауыт басшылығы өндіріс көлемін ұлғайту және тиімділікті арттыру мақсатында заманауи технологияларды, өндірістік инфрақұрылымды енгізіп келеді.

**Еркін САЙЫН**

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жамбыл облысында алғашқы шағын өнеркәсіптік аймақ ашылды. Бұл бастама өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, шағын және орта бизнеске жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Ашылу салтанатына Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, өнеркәсіптік аймақтың өңіріміздің дамуына зор серпін беретінін тілге тиек етті.




# ӘУЛИЕАТАДА АЛҒАШҚЫ ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚ АШЫЛДЫ

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірімізде алғашқы шағын өнеркәсіптік аймақтың ашылуы – біздің экономикалық әлеуетімізді арттырып, кәсіпкерлікке жаңа серпін беретін мәні зор оқиға. Яғни, осы өндірістік аймақтың ашылуы – өңіріміздегі шағын және орта бизнеске жасалған нақты қолдау. Біз кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау, жаңа өндірістерді ашу және Жамбыл облысының экономикалық өсімін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береміз, – деген Ербол Шырақпайұлы кешенді аралап, жұмысымен танысты.

Жобаны іске асыруға «Тараз» ӘКК мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қолдау көрсетті. Жоба құны – 1,4 миллиард теңге, бастамашы – «I Cons» ЖШС. Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың қыркүйегінде басталған болатын.

Шағын өнеркәсіптік аймақ «Тараз» индустриялық аймағында орналасқан. Мұнда кәсіпкерлерге дайын өндірістік ғимараттар ұсынылып, бұл бастапқы шығындарды едәуір азайтып, өндірісті қысқа мерзімде жолға қоюға мүмкіндік береді. Бұл шешім жаңа өндіріс ашуды жоспарлаған кәсіпкерлер үшін инфрақұрылымға қол жеткізу мәселесін тиімді шешеді.

Кешенде жалпы аумағы 10 000 шаршы метрді құрайтын төрт өндірістік корпус бар. Онда шыңдалған шыны, фиброцемент плиталары және есік өнімдерін шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді. Өнімдер қазірдің өзінде сұранысқа ие. BI Group сияқты ірі құрылыс компаниялары оларды тұрғын үйлер салуда пайдаланып жүр.

Фиброцемент плиталарын шығаратын кәсіпорынның өндірістік қуаты – жылына 140 мың шаршы метр. Ал есік жасайтын өндіріс орны жылына 50 мың дана өнім шығаруға мүмкіндік береді. Бұл өнімдер заманауи, жайлы мектептер құрылысына да қолданылуда.

Жоба іске қосылу нәтижесінде шамамен 100 жаңа жұмыс орны құрылды.

**Құрмаш ҚАПТАҒАЙ**



ӨРЛЕУ – ӨРІС

# БУ-ГАЗ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қуаты 50 МВт болатын бу-газ электр станциясының капсула салу рәсіміне қатысты.





Салтанатты шараға «Жамбыл Invest: жаңа жобалар – жаңа жұмыс орындары» атты республикалық баспасөз турына келген журналистер де жиналды.

– Электр энергиясы – экономиканың да, қоғамның да тұрақты дамуының негізгі тірегі. Өндірістің артуы, инфрақұрылымның кеңеюі, жаңа кәсіпорындардың ашылуы – мұның барлығы сапалы әрі үздіксіз энергиямен қамтамасыз етуге тікелей байланысты.

Бүгін іске асырылғалы отырған қуаты 50 МВт бу-газ электр станциясы – жай ғана жаңа өндіріс емес. Бұл – тиімділігі жоғары, экологиялық тұрғыдан таза технологияларды енгізу арқылы өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін күшейтетін маңызды жоба. Жобаны жүзеге асырып отырған инвесторларға алғысымды білдіремін, – деді аймақ басшысы құттықтау сөзінде.

Аталған жоба Жамбыл ауданына қарасты Әулиекөл ауылында «GES Мырзатай» ЖШС бастамасымен жүзеге асырылуда. Инвестицияның жалпы көлемі – 60 млн АҚШ доллары. Жоспар бойынша жоба екі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде қуаты 50 МВт болатын бу-газ электр станциясы салынады, ал екінші кезеңде оның қуаты 150 МВт-қа дейін ұлғайтылады. Нәтижесінде станцияның жалпы қуаттылығы 200 МВт-қа жетеді.

Жоба жетекшісі Хоу Чуаньцюньнің айтуынша, инвестициялық бастама аясында жер телімін рәсімдеу, инженерлік іздестіру, жобалау және тиісті келісу жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылып келеді екен.

Қазіргі таңда 7 гектар жер бөлініп, құрылысты жүзеге асыратын мердігер ұйым таңдалған. Гидрогеологиялық зерттеулер жүргізіліп, 185 метр тереңдікте ұңғыма бұрғыланды. Сондай-ақ газбен жабдықтау бойынша тиісті техникалық шарттар алыныпты.

Бұл құрылыс жұмыстарына 500-ге жуық адам тартылмақ. Ал бу-газ электр станциясы толық қуатына шыққанда 80 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Осы ретте айта кетейік, Жамбыл облысында жалпы қуаты 1721,3 МВт болатын 24 энергетикалық нысан жұмыс істейді. Олардың ішінде ең ірісі – қуаты 1107 МВт болатын «Жамбыл ГРЭС» кәсіпорны.

2025 жылдың 10 айында өңірде 3,6 миллиард кВт электр энергиясы өндіріліп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21 пайызға артып отыр.

**Құрмаш ҚАПТАҒАЙ**

МЕРЕЙ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАЙТАЛМАНЫНА ҚҰРМЕТ

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков қоғам қайраткері Күлімхан Тоғызбаевамен арнайы кездесіп, 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.



– Бұл айтулы белес өмір жолындағы мол тәжірибенің, биік парасат пен кемелдіктің, ел мен өңірдің дамуына сіңірген еңбектің лайықты бағаланатын шағы. Сіздің еңбек жолыңыз – көпке үлгі, жас ұрпаққа өнеге. Журналистика саласында бастаған қызметіңізбен қоғам тынысын айқын сезініп, елдің үнін жеткізе білдіңіз. Кейінгі жылдары мемлекеттік қызмет саласында абыройлы еңбек етіп, өңірдің әлеуметтік әрі рухани дамуына сүбелі үлес қостыңыз. Облыстық және қалалық деңгейдегі жауапты қызметтерде кәсіби шеберлігіңіз бен ұйымдастырушылық қабілетіңізді көрсеттіңіз.

Бүгінде әріптестеріңіз бен замандастарыңыз өзіңізді биік мәдениетіңіз, парасат-пайымыңыз және адамгершілік қасиеттеріңіз үшін ерекше құрметтейді. Сіздің өмір жолыңыз – елге адал қызмет етудің және ұлт игілігіне еңбек етудің жарқын үлгісі, – деген шаһар басшысы мерейтой иесіне арнайы сый-сияпаттарды табыстап, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлдара Нұрымова, қалалық мәслихат төрағасы Кенжебек Олжабай, қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Күләш Әбдікешова және «Жамбыл облысының іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ төрағасы Меруерт Лештаева сөз алып, ізгі тілектерін білдірді.

Өз кезегінде Күлімхан Майлыбекқызы да қала басшылығына алғыс айтып, шынайы ризашылығын жеткізді.

**Құрбанәлі АМАНКЕЛДІҰЛЫ**

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

# ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Қазақ халқы қыз баланы қашанда төріне шығарып, ерекше қадірлеген. Тарихтың тереңіне үңілсек, қазақ қызы тек инабатты ана ғана емес, ел намысын қорғаған ер жүрек батыр, ақылдың кеніндей дана, сөздің мәйегін төккен шешен болған. Ұлттың ұйытқысы болған олар қазақы құндылықтарды санасына сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде айрықша рөл атқарғаны белгілі.



Бүгінгі күннің өзінде де қазақ қыздарының тәрбиедегі орны айрықша. Қыз бала – тек шаңырақтың шырақшысы емес, ол – ұстаз да, дәрігер де, ғалым да, кәсіпкер де. Уақыттың өзі өзгерсе де, қазақ қызына тән иба, ар-намыс, ізгілік, көркем мінез секілді асыл қасиеттер қашан да өз маңызын жойған емес. Осыған орай шаһардағы №62 орта мектепте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қыз тәрбиесі – қоғам айнасы» апталығы өтіп, оның шеңберінде «Қызға қырық үйден тыйым» атты тағылымды іс-шара ұйымдастырылды.



Шара барысында сөз алған Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің әдіскері Қайрат Үкібасов халқымыздың қыз баланы тәрбиелеудегі терең танымы мен ерекшелігін айрықша атап өтті.

– Қызды тыйып ұстаудың түп мақсаты – оны тұсаулап, төмендету емес, қайта қырық үйдің, тіпті бүтін елдің ақыл-өсиетін естіп, көргенді болсын деген ниеттен туған. Құлағында сыңғырлаған сырғасы, шашында төгілген шашбауы бар, жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар ұстаған қазақ қызының ең алғашқы тәрбиешісі – ана. Ана қыздың киім киісінен бастап жүріс-тұрысына, қай ортада болсын өзін қалай ұстауы керек екенін құлағына құйып отырған. Үлкеннің алдын кесіп өтпеуді, кішіні сыйлауды үйреткен. Қазақ қызына көрік те, тәрбие де жарасқан. Өйткені бүгінгі бүлдіршін қыз – ертең сүйікті жар, ибалы келін, ардақты ана атанады. Ертеңгі елдің батырын да, ақыны мен шешенін де өмірге әкелетін – ана, – деді Қайрат Исаұлы.

Іс-шара соңы оқушылар дайындаған көңілді әрі мазмұнды концерттік бағдарламаға жалғасты.

**Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ**

КӨПКЕ ҮЛГІ

Тұрғындарды өз ауласын, көшесін таза ұстауға, көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына белсенді қатысуға шақыру мақсатында осы жылдың наурыз айынан бастап облысымызда «Үлгілі аула» конкурсын өткізу ережесі бекітілген болатын. Осыған орай Жібек жолы ауданындағы Ш.Қалдаяқов атындағы мәдениет үйінде аталған байқаудың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

# ТАЗАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ




Шараның салтанатты ашылуында сөз алған аудан әкімі Қарлығаш Аралбекова тұрғындарға ізгі тілегін білдіріп, акция аясында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын іске асыруды атап өткен болатын. Акцияның мақсаты – экологиялық мәдениетті қалыптастыру, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» патриоттық құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттау.

Биыл көктемнен бастап сенбіліктер аясында ауданда 15 ауқымды тазалық шарасы ұйымдастырылды. Әкімдік тарапынан өткізілген сенбіліктерге 13 мыңнан астам адам қатысып, әр сенбілікте 297 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Аудан аумағындағы 5 аумақтық округке қарасты «Барысхан», «Тектұрмас», «Кірпіш зауыты», «Қант зауыты», «Солнечный», «Сұлутөр», «Турксіб» алқаптарында бейберекет жатқан қатты тұрмыстық қалдықтар жиналды. Сондай-ақ 360 элиталық сортты жеміс ағашы мен 30 450 түп тал егілді. Аудан көлемінде өткізілген «Үлгілі аула, таза көше» байқауы – сіздердің белсенділіктеріңізді арттырып, туған жерге деген сүйіспеншілікті оятуға бағытталған, – деген Қарлығаш Әмірқызы байқауға белсене қатысқан тұрғындарға түрлі марапаттарды табыстады.

Байқау нәтижесі бойынша III орынды Клара Цеткин көшесінің, II орынды «Солнечный» алқабы, №56 үйдің, I орынды Целиноград көшесінің тұрғындары иеленді. Ал бас жүлде «Алатау» (8) шағын ауданы, 13 үй мен Заречная көшесі 2- бұрылысының тұрғындарына бұйырды. Сонымен қатар аудан аумағында өткізілген санитарлық тазалық шаралары мен көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысқан мекемелер мен қызметкерлер аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Іс-шара соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

**Жұматай КӨКСУБАЙ**

ЕҢ ҮЗДІК ИНСПЕКТОР

Тараз қаласындағы 2-ПБ ювеналды полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Эльмира Байниязова – өз ісіне адал, жоғары жауапкершілігімен және адам тағдырына жанашырлықпен қарай білетін кәсіби маман.

# БАЛА ТАҒДЫРЫНА БЕЙЖАЙ ҚАРАМАЙТЫН БІЛІКТІ МАМАН




Ол 2025 жылғы республикалық слетте еліміздегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ең үздік инспектор атанды. Соңғы бес жылда оның әкімшілік аумағында жасөспірімдер арасындағы қылмыс тіркелмеген. Бұл дегеніміз – жүйелі профилактикалық жұмыстың нақты нәтижесі екені сөзсіз.

Эльмира Рахатқызы педагогика, психология және құқық салаларын қатар меңгерген. Көпжылдық тәжірибесін ұштастыра отырып, жасөспірімдермен жұмыс істеудің тиімді әдістерін енгізіп келеді. Ол әріптестерімен тәжірибе алмасып, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы семинарлар мен кездесулерде өзінің кәсіби тәсілдерін көпшілікке ұсынуда. Сонымен қатар ол «Қазіргі балалар психологиясы», «Бала дауысы», «Жасөспірімдер құқық бұзушылықтарының алдын алу», «Сервистік полицияға бір қадам» сынды еңбектердің де авторы. Бұл еңбектер қоғамда бала тәрбиесі мен қауіпсіздігі мәселелерінде тәрбиелік бағыт-бағдар беруде өз үлесін қосып келеді.

Қорыта айтқанда, оның қызметі – мейірім мен жауапкершіліктің үйлесімі. Эльмира Байниязова жасөспірімдердің дұрыс жолды таңдауында және әр баланың болашағына сенім ұялатуда бар күш-жігерін аямайды.

**Ботакөз БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ,**
**Жамбыл облыстық полиция департаменті ақпараттық саясат бөлімінің аға инспекторы**

ОПТИМЕД
КӨЗ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ГЛАЗНОЙ ХИРУРГИИ
ОТА ЖАСАУ ТЕГІН
КАТАРАКТА, ГЛАУКОМА
ОПЕРАЦИИ БЕСПЛАТНО
+7 700 540 5453 +7 776 654 0540
№1501940 Мемл.лицензия ЖО ДСБ 02.11.2015 ж.
Гос.лицензия №15019408 от 02.11.2015 г.,УЗ ЖО АЖО

ЖОБА АЯСЫНДА

Жамбыл облысы Байзақ ауданына қарасты Үлгілі ауылында жергілікті тұрғындардың азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған жаңа әлеуметтік жоба іске асырылуда. «Асқақ рух – Еркін ел» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жүзеге асып жатқан «Үлгілі ауылға – үлгілі алаң!» жобасы «Жамбыл облысы Байзақ ауданы Үлгілі ауылы тұрғындарының азаматтық бастамаларын қолдау» бағыты бойынша грант иегері атанған болатын.



# БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗАМАНАУИ ОЙЫН АЛАҢЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Жобаның негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының кемінде бір бастамасын қолдап, оны нақты нәтиже ретінде жүзеге асыру. Бұл жолы тұрғындар балалар үшін қауіпсіз әрі заманауи ойын және демалыс алаңын салуды таңдаған. Жобаның жүзеге асуы ауылдағы 3-7 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге бос уақытын тиімді өткізуге, спортпен шұғылданып, бір-бірімен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Ауыл әкімдігі ойын алаңы салынатын аумақты анықтап, қажетті рұқсат құжаттарын рәсімдеуге көмектесті. Жоба толық аяқталған соң дайын нысан ресми түрде ауыл әкімдігінің балансына қабылданады. Бұл – алаңның әрі қарай күтімі мен қауіпсіздігі жергілікті атқарушы органдар бақылауында болатынын білдіреді.

Жобаны жүзеге асыру барысында кемінде 50 тұрғынның қатысуымен қоғамдық талқылау өткізу, 1 жергілікті бастамаға нақты қолдау көрсету және іске асыру, құрылыс пен дайындық жұмыстарына 50-ден астам тұрғынды тарту және ауылдың 30 белсенді азаматына оқыту іс-шарасын ұйымдастыру секілді бірнеше ауқымды жұмыс жоспарланып отыр.

Бұл жұмыстар Үлгілі ауылындағы азаматтық белсенділікті арттырып, тұрғындардың өз ауылын дамытуға деген жауапкершілігін күшейтеді. Жобаға жастардың да көптеп қатысуы – ауыл болашағының жарқын екенінің айғағы.

Жобаның операторы – «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ, ұйымдастырушысы – «Асқақ рух – Еркін ел» қоғамдық бірлестігі.

Мамандардың айтуынша, Үлгілі ауылында басталған бұл игілікті іс – өңірдегі азаматтық қоғамның дамуына серпін беретін үлгілі тәжірибе. Ауыл тұрғындары бастама көтеріп, өздері үшін маңызды жобаны таңдады, ал гранттық қолдау оны іске асыруға мүмкіндік берді.

Жоба 2025 жылдың қарашасына дейін толық аяқталып, балалар мен тұрғындарға қуаныш сыйлайтын жаңа қоғамдық кеңістік қолданысқа берілмек.

**Баян МҰРАТБЕКҚЫЗЫ,**
**«Үлгілі ауылға – үлгілі алаң!» жобасының менеджері**

РЕСМИ

## ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚ, ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫ КӨПШІЛІКТІК ТЫҢДАУЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Тараз қаласы** **14 қараша 2025 жыл**
**сағат 16.00**

**Төрағалық етуші: М.Жұманқұлов**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 13-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығының нормаларына сәйкес және Тараз қаласы әкімі тарапынан келіп түскен, яғни «Тараз қаласының бірқатар құрамдас бөліктерін қайта атау туралы» ұсыныстың негізінде, тұрақты комиссиясының көпшіліктік тыңдауы ұйымдастырылды.

**Жұмыс тобының жетекшісі:**

| | |
|---|---|
| М.Жұманқұлов | - заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы. |
| **Жұмыс тобының мүшелері:** | |
| Ж.Қасымбеков | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |
| Э.Абдинова | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |
| К.Шилібек | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |
| Ә.Даулетбаева | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |
| Қ.Бибазарова | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |
| А.Лесбек | - Тараз қалалық мәслихатының депутаты; |

**Шақырылғандар:**
Тараз қаласы әкімінің орынбасары, қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, бөлім басшылары, бас инспекторлары, Тараз қаласының тұрғындары және БАҚ өкілдері.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

Тараз қаласының бірқатар құрамдас бөліктерін қайта атау туралы.

Тараз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Тоқсанбаева Бақыт Тілегенқызының баяндамасы тыңдалды.

Тараз қаласының бірқатар құрамдас бөліктерін қайта атау туралы ұсыныс:

Автомобиль көшесін - Мейіржан Айманов көшесіне;

Уездный 1-тұйық көшесін - Дастан Әділбай көшесіне;

Уездный өтпе жолын - Анатолий Воржев көшесіне;

ФЗО 1-тұйық көшесін - Полат Аянқұлов көшесіне;

ФЗО 2-тұйық көшесін - Бекжан Тіленшиев көшесіне;

Песчанный 1-тұйық көшесін - Жақсыбек Байсеитов көшесіне;

Песчанный 2-тұйық көшесін - Дархан Сүлеев көшесіне.

Жұмысшы топ мүшелері, күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы қабылдау үшін дауыс берді.

Қолдағандар - 7. Қарсы - жоқ. Қалыс – жоқ.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 14-бабына сәйкес, тұрақты комиссия ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.Көпшіліктік тыңдау бойынша тұрақты комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі, ұсыныс беруші, яғни Тараз қаласы әкімдігіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес туындайтын іс-шараларды (интернет-ресурстарында орналастыру, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және т.б.) жүргізу үшін жолдансын.

2. Тараз қаласындағы көшеге атау беру туралы мәселе, Тараз қалалық мәслихатының сессиясының және Тараз қаласы әкімдігі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін жолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау, Тараз қалалық мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Жұмыс тобының жетекшісі:** М.Жұманқұлов

**Жұмыс тобының мүшелері:**
Ж.Қасымбеков
Э.Абдинова
К.Шилібек
Ә.Даулетбаева
Қ.Бибазарова
А.Лесбек

**Жұмыс тобының хатшысы: А.Байтенова**

## ПРОТОКОЛ
## ПУБЛИЧНОГО СЛУШАНИЯ ПОСТОЯННОЙ КОМИССИИ ТАРАЗСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ПО ЗАКОННОСТИ, ПРАВОПОРЯДКА И РАБОТЕ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ

**город Тараз** **14 ноября 2025 года**
**16.00 часов**

**Председательствующий: Джуманкулов М.**

В соответствии со статьей 13 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и нормам Приказа министра культуры и спорта Республики Казахстан от 1 августа 2023 года №211 «Об утверждении правил присвоения наименований административно-территориальным единицам, составным частям населенных пунктов, их переименования, а также учета мнения населения соответствующей территории при уточнении и изменении транскрипции их наименований» организовано публичное слушание постоянной комиссии на основании предложений, поступивших от акимата города Тараза «О переименовании некоторых составных частей города Тараз».

**Руководитель рабочей группы:**
Джуманкулов М. – председатель постоянной комиссии по законности, правопорядка и работе с общественностью.

**Члены рабочей группы:**

| | |
|---|---|
| Касымбеков Ж. | - депутат Таразского городского маслихата; |
| Абдинова Э. | - депутат Таразского городского маслихата; |
| Шилібек К. | - депутат Таразского городского маслихата; |
| Даулетбаева Ә. | - депутат Таразского городского маслихата; |
| Бибазарова К. | - депутат Таразского городского маслихата; |
| Лесбек А. | - депутат Таразского городского маслихата; |

**Приглашенные:**
Заместитель акима города Тараз, председатель общественного совета города, председатель городского совета ветеранов, руководители отделов, главные инспектора, жители города и представители СМИ.

**ПОВЕСТКА ДНЯ:**

О переименовании некоторых составных частей города Тараз.

Заслушан доклад руководителя отдела культуры и развития языков акимата города Тараз Токсанбаевой Бахыт Тлегеновны.

Предложение о переименовании некоторых составных частей города Тараз:

улица Автомобильная - на улицу Мейіржан Айманов;

1-переулок Уездный - на улицу Дастана Әділбай;

проезд Уездный - на улицу Анатолия Воржева;

1-переулок ФЗО - на улицу Полата Аянқұлова;

2-переулок ФЗО - на улицу Бекжана Тіленшиева;

1-переулок Песчанный - на улицу Жақсыбека Байсеитова;

2-переулок Песчанный - на улицу Дархана Сүлеева.

Для принятие постановления по вопросу повестки дня члены рабочей группы проголосовали.

Поддержали - 7. Против-нет. Воздержавшихся –нет.

Согласно статье 14 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постоянная комиссия ПОСТАНОВИЛА:

1. Копию протокола заседания постоянной комиссий по слушанию отправить в акимат города Тараза для ведения мероприятий (размещение в интернет-ресурсах, опубликовать в СМИ и др.) в соответствии действующего законодательства.

2. Вынести вопрос «О наименовании и переименовании некоторых составных частей города Тараз» в повестку дня сессии Таразского городского маслихата и заседания акимата города Тараза.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на постоянную комиссию Таразского городского маслихата по законности, правопорядка и работе с общественностью.

**Руководитель рабочей группы: Джуманкулов М.**

Члены рабочей группы:
Касымбеков Ж.
Абдинова Э.
Шилібек К.
Даулетбаева Ә.
Бибазарова К.
Лесбек А.

**Секретарь рабочей группы:** Байтенова А.

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

# ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНІҢ АҚ ГҮЛІ ЕДІ

Азаматтық үнінің айқындығы, нәзік те сыршыл болмысы, туған елге, адалдық пен достыққа, махаббатқа суарылған өлең өрнегі – Ахметова поэзиясының мәңгілік мұрасы. Замандастың жан әлемі, көңіл күйі, әйел тағдыры – оның лирикасының өзегіне айналған құндылықтар.

Алдағы күндерден бастап ақынның өлеңмен өрілген ғибратты ғұмыры естелікке айналады. Бірақ оның тектілігі, талғамы, тұлғалық биігі мен қалдырған өнегесі халқының жүрегінде жаңғырып, жадында сақтала береді.

«Jambyl-Taraz» газеті редакциясының ұжымы марқұмның туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Ғибратты ғұмыр кешіп, соңына өшпес із қалдырған Күләш Ділдәқызының аяулы есімі ұлт жүрегінде мәңгі жасайды. Марқұмның иманы саламат, мекені жәннатта болғай!

ЖАРҚЫН ЖҮЗІ ЖАДЫМЫЗДА

# ИСІ ҚАЗАҚ ҚАДІР ТҰТҚАН КӨРНЕКТІ АҚЫН

Жаратқанның құдіретіне шек бар ма?!. Менің жар дегендегі жалғыз жездем басқа-басқа емес, ел астанасына барып, ел Президентінің өз қолынан орден алған күн бұдан былай ешқашан ұмытылмайтын датаға айналды. Әрине, мұндай тарихи сәт онсыз да естен ешқашан шықпауға тиіс қой.



Бірақ бұл жолы саналы пендесіне ібіліс тілін алма деп иман берген ұлы Аршының Раббысы өзінің бар екенін, күллі әлемдердің Жаратушысы бір өзі екендігін бір-ақ күнде, бір сәтте қатарынан екі рет еске салғызды.

Кішкентай ауылдан алысқа көп ұзап көрмеген зейнеткер жездем астындағы трәктірін айдай қоятын жастардың тапшылығынан ауыл шаруашылығының таң азаннан қара кешке дейін бір тынбайтын ауыр жұмысына күні бүгінге дейін бір өзі жегіліп жүрген-тұғын. Нағыз еңбек адамы ретінде биылғы Жұмысшы мамандықтары жылында ел ағалары осынысын елепті. Сөйтіп, Таластың тумасы, үшаралдық механизатор Бердияр Ахметов III Дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

«Бұл – өмірлерінде болмаған қуаныш», «Қалай атап өтпейсің?!» деп, әлі Ақордадағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумының жиынынан тарап үлгермеген жездемнің зайыбына – яғни менің Лорахан әпкеме құтты болсын айтып ағылып келіп жатқан ауылдастарына бір той жасамаса болмайтындай жағдай туып еді.

«Жалғыз бажасы мен балдызысыңдар, қай уақытқа келе аласыңдар?», «Кафе жалдайтын шығармыз» деп алып-ұша хабарласқан әпкешімнің ет-құлағын тәмам елі елжіретіп жіберіпті. Кезек-кезек ызбандасқан құттықтаушылардан телефоны да қызып кеткен сынды. Үйіне кіріп-шығып жатқандардан ауызы да, қолы да босамай жатқан сияқты.

Әп-сәтте бүкіл әлеуметтік желіні толтырып жіберген осы мерейлі шараның бейнекөрінісін тебіренбей тамашалау мүмкін еместі. Қазақстанның түкпір-түкпірінен барған қарапайым еңбек адамдарының қолын құшырлана қысып тұрған Қасым-Жомарт Тоқаевтан марапат алмақ түгілі, қасында тұрып, суретке түсу бақытына ие болудың өзі қандай мәртебе десеңізші.

«Бердияр бажам айды аспанға бір-ақ шығарды, бәрекелді!» деп жұбайым мәз. «Бердияр жездем әкесі Ділда құдамның аруағын бір аунатты» деп мен де мәз.

Иә, «бәрін айт та – бірін айт». Астана төрінде «Ахметов Бердияр Ділдаұлы!» деп құрмет көрсету алаңына шақырған жүргізушінің саңқылдаған салмақты даусы сол шақта баяғыда өзіміз көзін көріп, сөзін талай тыңдаған Ділда атаның аруағын бір аунатқаны күмәнсіз-етін...

...Ал, ымырт жабыла, әке аруағын тағы бір рет аунатып, «Сексен жасқа қараған шағында Ділдақызы Күләш Ахметова өмірден озды» деген суық хабар сумаңдай жетіп, жүректерді мұздай қарыды.

Жоғарыда Тәңірі тағала өзін бір күнде қатарынан екі рет еріксіз еске алғызды дегенім осы болатын. Ақын Күләш Ахметова әлгі Бердияр жездемнің алдындағы аяулы әпкесі еді.

«Күләш Ахметова шыққан қасиетті топырақтанбыз» деп есімін мақтаныш ететін жерлестерінің жігерін жалынды жырларымен жаныған ақын имандылықты дәріптеп, ізгі амалдарды насихаттап өткен, ылғи жақсылықтардың ғана жаршысы болды.

Жамбылдықтар ғана емес, иісі қазақ қадір тұтты. Алақанында аялады. Жырларын жатқа оқыды. Өзін жақсы көрді. Өмірін үлгі етті.

Адамды күнде сынайтын Алланың қай сынағын да түсіністікпен қабылдаған жөн дейді. Сонда Құдай сол адамға сол сынағы арқылы ешқашан ұмытылмастай мол ғибрат береді.

Түлкібұлаң тіршіліктің етегіне сүрініп-қабынып, таңның атқанымен, кештің батқанымен күн көретін адамзатқа бұл – таусылмайтын өмір сабағы.

Жаратқаннан екі дүниенің бақытын нәсіп етуді жалбарына сұрап, жұртының біліп-білмей істеген істерінің қорғаушысы болуын тілеп, өмір сүретін дүниесін, қайтып оралатын ақиретін түзеуін ғұмырының соңына дейін ойлап өткен ақын апамыздың өлімін де барлық жамандықтан демалу қылса екен Алла.

Алпыс жылға жуық уақыт бойы өмірде де, өлеңде де жұбы жазылмаған қосағы, ақын Қайырбек Асановтың отбасына, Күләштай асыл жарының енді рухы сегіз бейіште шалқысын, артында қалғандарына мәнді, мағыналы өмір берсін дейміз.

**Үміт БИТЕНОВА,**
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі**

ХАБАРЛАНДЫРУ

**ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ**

«ЭмЭс Ресорсез» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 4-тармағына сәйкес, Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10d-5б-1,6) лицензиялық аумағының шекарасындағы 2022 жылғы 26 қазандағы № 1871-EL, № 1868-EL, № 1870-EL лицензиялары бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының» қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Тыңдау 2025 жылдың 24 желтоқсанында сағат 12:00-де келесі мекенжайда өтеді: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі, Ұзақбай Сыздықбаев ауылы, ауыл клубы. Qosyl сайтындағы кездесуге қосылыңыз: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, кездесу идентификаторы: 932-432-428-412.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі (43° 30'41"N, 69°47'11"E)

Тапсырыс беруші – «ЭмЭс Ресорсез» ЖШС, БСН 200740007856, Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзакова көшесі, 223-ғимарат, 70-пәтер, Тел.: +7 778 660 56 91

Қоршаған ортаны бағалау есебін әзірлеуші: «ЕСО и К» ЖШС, БСН 061240005922, Мекенжайы: Алматы қаласы, Межинский көшесі, 11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылған материалдарды және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамаларын ndbecology.gov.kz порталының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінен табуға болады. Барлық пікірлер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган - «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті» мемлекеттік мекемесі: s.agabek@zhambyl.gov.kz, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133а, тел.: +7 (7262) 45-15-03.

Мемлекеттік экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган - «Жамбыл облысының экология департаменті» мемлекеттік мекемесі.

Қосымша ақпаратты bramazanov@list.ru электрондық поштасы немесе 8 (778) 660-56-91 телефоны арқылы алуға болады.

**ПРОВОДЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ**

ТОО «ЭмЭс Ресорсез» в соответствии с п.4 ст.73 Экологического кодекса РК объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам раздела охраны окружающей среды на «План разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензии №1871-EL, №1868-EL, №1870-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10д-5б-1,6) в Сарысуском районе Жамбылской области».

Слушания будут проведены 24 декабря 2025 года, в 12-00, по адресу: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева, клуб а.Узакбай Сыздыкбаева. Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, идентификатор встречи: 932-432-428-412.

Территория воздействия: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о. (43° 30’41»С, 69°47’11»В)

Заказчик – ТОО «ЭмЭс Ресорсез», БИН 200740007856, Адрес: РК, г. Алматы, ул. Байзакова, дом 223, кв.70, тел.+7 778 660 56 91

Разработчик Отчета экологической оценки – ТОО «ЭКО и К», БИН 061240005922, адрес: г.Алматы, ул.Межинского,11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания». Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области»: s.agabek@zhambyl.gov.kz, г. Тараз, проспект Абая, 133а, тел: +7 (7262) 45–15–03.

Государственный орган по проведению государственной экологической экспертизы – РГУ «Департамент экологии по Жамбылской области».

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: bramazanov@list.ru и по телефону: 8 (778) 660-56-91.

ФОРУМ

# ОТБАСЫ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

«Бақытты болашақ» оқушылар сарайында Тараз қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Отбасы – бақыт мекені» атты ата-аналар форумы өткізіліп, онда бүгінгі қоғамдағы отбасы құндылықтары мен тәрбие мәселелері кеңінен талқыланды.





Форум жұмысына қала мектептерінің басшылары, ұстаздар, педагог-психологтар, ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңестің мүшелері қатысты. Шараның негізгі мақсаты – ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты арттыру, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті күшейту, отбасының тәрбиелік әлеуетін нығайту.

Форум барысында ата-аналар мен қатысушыларға арналған «Балалар үшін маңызды» алаңы ұйымдастырылды. Мұнда №46,53,56 мектептердің «Бір мақал, бір жұмбақ» тақырыбында «Әжелер даналығы» клубының мүшелері мақал-мәтел, жұмбақ жасырған жандарға ұлттық дәм тарту етті. Ал №26 орта мектеп ұлттық ойындардан шеру ұйымдастырса, №39, 49 мектеп-гимназиясының «Даналық мектеп» клубы «Әжемнің ертегілері» атты қуыршақ театрын көпшілікке паш етті. Сондай-ақ «Отбасымен оқуға арналған 100 кітап» шығармашылық көрмесі, «Ата өсиеті» клубы «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» көрмесі, «Үйірменің үйретері көп» шығармашылық көрмелері форум қатысушыларының көңілінен шықты.

Жалпы шараға қалалық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева, қалалық аналар алқасының төрайымы Жанат Сарыбекова, облыстық ата-ана комитетінің төрағасы Назым Жұбандықова және білім саласының ардагері Жарылқасын Жақсыбеков қатысты. Алдымен сөз алған білім бөлімінің басшысы Айгерім Аханқызы тәрбие бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен ортақ міндеттерді атап өтті.

– Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. Әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білген жөн. Баланың бойына балалық жақсы қасиеттерді дарыту, жанында жүрген достарына дейін мән беру, бойында дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Балаға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі басты тұлға мұғалім болса, ал, бала үшін бас ұстаз – ата-ана.

Облысымызда соңғы уақытта буллинг, өзіне өзі қол жұмсау сынды фактілерге байланысты жан-жақты жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, осы уақытқа дейін 400-ден астам кездесу ұйымдастырылып, оған 70 мыңнан астам білім алушы қатысты. Мұнда түрлі сала мамандары оқушылармен еркін форматта кездесіп, қоғамда орын алып жатқан келеңсіз оқиғаларды талқыға салды. Қылмыстың басым көпшілігі мектептен тыс, түнгі уақыттарда орын алады. Бүгінде қала бойынша түнгі рейттер жүргізіліп жатыр. Соның бітқатарына өзім де қатыстым. Рейд барысында 900 бала ұсталып, оның 473-інде суық қару табылған. Ал ата-аналарын іздеу барысында олар үйінде болмау фактісі, болмаса баласының түнгі уақытта сыртта жүргенінен хабарсыз екендіктері анықталып жатты.

Жалпы баланың бос уақытын тиімді өткізу бойынша мектеп тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Үйірмелер, мектептен тыс шаралар соның ішінде былтырғы жылы пилоттық жоба ретінде №53 мектепте енгізілген «Жас сақшы» клубы да балалар үшін жасалып жатыр. Бұл жоба құқықтық білімді артыру, баланың өз құқығын білу мақсатында биылғы жылы №25, 42, 38, 5, 46, 47, 49, 45, 51, 68, 69 мектептерде іске асыру жоспарда.

Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген дана сөз бар. Әрбір отбасы тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Өйткені, ата-ана отбасының негізгі діңгегі. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Ата-анаға баладан артық ешкім жоқ. Сондықтан екі жақты жұмыс жасап, баламыздың болашағына немқұрайлы қарамауға барлық ата-ананы шақырамын, – деді қалалық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева.

Жиын барысында отбасы тәрбиесіндегі заманауи тәсілдер, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатудың тиімді жолдары, өскелең ұрпақты адалдыққа, жауапкершілікке, ұлтжандылыққа баулу мәселелері сөз болды. Психологтар ата-аналарға баланың эмоционалдық дамуын қолдау, қиын мінез-құлықты түзету, цифрлық ортадағы қауіпсіздік жөнінде пайдалы кеңестер ұсынды. Форум барысында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында арнайы бейнероликтер көрсетіліп, психологиялық тренингтер ұйымдастырылды.

**Арайлым БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ



# ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕКТІҢ ҚАҺАРМАНЫ

Жұмысшы мамандықтар – елдің тыныс-тіршілігін қалыптастырып тұрған көзге көрінбейтін, бірақ сезілетін күш. Бүгінгі күні дәнекерлеуші де, шебер тігінші де, құрылыс басындағы жұмысшы да, автокөлік жүргізушісі де – қоғам үшін таптырмас тұлға. Өз нәсібін адал маңдай тері арқылы табу адам баласының ең асыл қасиеттерінің бірі.

Тараздың таңын жарыққа бөлеп, үйлердің шамы сөнбей, өндіріс дөңгелегі тоқтамай тұрғанының артында көзге көп көріне бермейтін, бірақ еңбегі зор жандар бар. Олар – «Жамбыл электр жүйесі» ЖШС-нің Тараз қалалық электр жүйесінің мамандары. Ал сол мамандарды дер кезінде діттеген жеріне аман-есен тасымалдап, жеткізетін механизация және автокөлік қызметінің еңбеккерлерінің жұмысын көпшілік біле бермейді. Таң қылаң бере жұмысқа кірісіп, кеш түсе соңғы нүктесін қоятын бұл бөлім мамандарының күнделікті ісі – қаланың жарығын сөндірмей, тіршіліктің ырғағын үзбеуде өз үлестерін қосып келеді. Олардың жұмысында жайлылық пен тыныштық аз. Бірі көліктің қозғалтқышын тыңдап тұрса, бірі автокранның темір білегін жөндеп әлек. Электр желісі үзіліп, апатты жағдай туындаған шақта, дәл осы қызметтің адамдары оқиға орнына алғашқы жететіндер қатарында. Боран да, жаңбыр да, суық та оларды тоқтата алмайды. Өйткені олардың қолындағы құрал – жарық, ал жүрегіндегі сенім – жауапкершілік.

Күнделікті тіршілік көбіне көзге көрінбейтін қарапайым еңбектің арқасында жалғасатыны анық. Механизация және автокөлік қызметінің әрбір жұмысшысы өз ісінің маманы. Ал жүргізушілер мен механиктер техника паркін әрдайым жарақ күйде ұстауға тырысады. «Көлік тоқтаса – жұмыс тоқтайды» деген қағида олардың санасында берік орын алған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Халқымызда «Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады» деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады» деген болатын. Расында да, ел экономикасының дамуы мен қоғамның ілгерілеуінде қарапайым еңбек адамдардың үлесі зор.

Сол еңбек майданында талмай тер төгіп жүрген азаматтардың бірі – «Жамбыл электр жүйесі» ЖШС-нің Тараз қалалық электр жүйесінің механизация және автокөлік қызметінің тәжірибелі маманы Аманғали Шыныбаев. Ол осы салада жиырма жылдан астам уақыт еңбек етіп, кәсіби шеберлігімен, жауапкершілігімен және адалдығымен әріптестеріне үлгі болып келеді.

– Бұл қызметтің басты құндылығы – ұжымдық рух пен ынтымақ. Әрбір жұмыс күні өзара түсіністік пен бір мақсатқа ұмтылудан басталады. Техниканың гүрілдеген дауысы, металлдың сыңғыры мен дәнекердің ұшқыны – біздің еңбектің әуені іспетті. Біздер үшін ең үлкен марапат – кешкісін Тараздың үстінен қарағанда бүкіл қала шамдарының жыпылықтап жанған сәті. Сол жарықтың артында әріптестерімнің маңдай тері мен адал еңбегі бар екенін көпшілік біле бермейді. Бірақ біздер үшін бастысы – жарық сөнбесе болды. Бұл салада 2007 жылдан бері қызмет етіп келемін. Жұмысқа келе салып алдымен медициналық тексеруден өтеміз. Кейін автокөлікті толық техникалық байқаудан өткізіп, сақадай сай тұрамыз. Электрик мамандарын апат болған орынға немесе кестеге сай жөндеу жұмыстары жүргізілуі керек жерлерге дер кезінде алып бару біздің ең алғашқы міндетіміз. Заман талабы өзгерген сайын, талапқа сай техникалар да өзгеріп жатыр. Жұмыстың оңайы жоқ. Десе де таңдаған мамандығымызға адал болып, әр ісімізді ыждахаттылықпен орындап келеміз, – дейді Аманғали Дәулетұлы.

Әр жылдар аралығында өз саласында алдыңғы қатарлардан көрініп жүрген Аманғали Шыныбаев мекеменің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталған. Бүгінде көп балалы әке төрт ұл, бір қыздан 3 немере сүйіп отыр. Адамның көзін ашқаннан бастап, белі бүгілгенге дейінгі аралықта өмірі тұтастай еңбек етуге, саналы ұрпақ тәрбиелеуге, ұрпағына тәлім-тәрбие беру мен жан-жағына үлгі-өнеге қалдыруға құрылады екен. «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деп ұлы ойшыл Абай атамыз өсиет еткендей, адал еңбекпен есейіп, айналасына үлгі болып жүрген азаматтардың барын біз әрдайым мақтан етеміз.

Иә, адам өз несібесін еңбектен ғана таба алады. Қоғамның сан түрлі саласында еңбек етіп, сол бағытты алға жылжытуға үлес қосып жүрген жандар қашанда құрметке лайық. Қарапайым еңбектің қаһармандары – осылар. Олар өз міндетін үнсіз атқарып, қаланың тынысын тоқтатпауға тырысады. Түнгі шамдар жарқырап, өндіріс пен тұрмыс өмірі тоқтаусыз жалғасып жатса – бұл да сол жандардың еңбегі. Тараздың жарығы – олардың қолымен жанған үміттің отындай.

**Арайлым ШАБДЕНОВА**

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

Күз бен қыстың қытымыр мезгілінде тұмау дерті өз «маусымын» бастайды. Бұл – тыныс алу жолдарын зақымдайтын, тез таралатын вирустық инфекция. Көп жағдайда адамдар оны жай суық тиюмен шатастырады. Алайда тұмаудың ағзаға тигізер зияны әлдеқайда күшті екенін естен шығармау керек.

# ТҰМАУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ: САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰМЫТПАҢЫЗ!



Тұмау вирусы ауа арқылы тарайды: науқас адам жөтелгенде немесе түшкіргенде вирустар микроскопиялық тамшылармен бірге сыртқа шығып, сау адамдарға жұғады. Әсіресе балалар мен қарттар, иммунитеті әлсіз адамдар ауруға тез шалдығады.

Аурудың алғашқы белгілері – дене қызуының көтерілуі, бас пен бұлшық еттің ауруы, жөтел, тамақтың жыбырлауы және жалпы әлсіздік.

Мұндайда өзін-өзі емдеуге тырыспай, дәрігер кеңесіне жүгінген жөн. Себебі тұмау асқынған жағдайда бронхит, пневмония, тіпті жүрек пен бүйрек ауруларына әкелуі мүмкін.

Жалпы Жамбыл облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Неили Муликованың айтуынша, ЖРВИ-мен ауырғандардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр екен. Ал тұмаумен ауырғандардың ішінде 14 жасқа дейінгі балалар – 80,7 пайызды құраса, ересектердің үлес салмағы – 19,3 пайыз.

– Ағымдағы жылдың 1 қазанынан 30 қазаны аралығында облыстың медициналық ұйымдарына 30 046 адам жүгінген (өткен жылы – 27 692). Аурушаңдық өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,5 пайызға өскен. Коронавирус пен метапневмовирустық инфекция жағдайлары, сондай-ақ өлім-жітім тіркелген жоқ. Облыс бойынша 714 инфекциялық төсек дайындалған, оның 28 пайызы ғана толтырылған. Сондай-ақ 60 реанимациялық төсек бар (жүктеме – 7 пайыз). Медициналық ұйымдар қажетті дәрі-дәрмекпен, жеке қорғаныс құралдарымен және жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. ЖРВИ және тұмаумен ауырғандарды үй жағдайында 150 мобильді бригада қарап, ПМСП ұйымдарында фильтр-кабинеттер мен изоляторлар жұмыс істейді. Тұмаудың алдын алу мақсатында облыста 123 мың доза вакцина сатып алынып, 99 430 адам егілді. Оның ішінде 10 516 медицина қызметкері, 3 357 жүкті әйел, балалар үйлеріндегі 110 жетім бала, қарттар мен мүгедектер үйлерінің 1 123 тәрбиеленушісі және басқа да тәуекел тобына кіретін тұлғалар бар.

Сонымен қатар 15 073 бала пневмококк инфекциясына қарсы толық егілді. Облыста тұмау мен пневмококк инфекциясына қарсы вакцинациялау жұмыстары жалғасуда, – дейді облыстың бас дәрігері Сержан Назарбек.

Соңғы күндері облыс бойынша ЖРВИ жағдайларының өсуі байқалып отыр. Бір тәулікте жұқпалы аурулар ауруханасына 281 науқас қаралған. Оның ішінде 72 адам ауруханаға жатқызылып, 209 пациентке консультациялық және амбулаториялық көмек көрсетіліп, үйлеріне жіберіліпті.

– Бұған дейін тәулігіне орташа есеппен 150-180 адам келіп жүрген болатын. ЖРВИ жағдайының көбею мүмкіндігін ескере отырып, облыстық денсаулық сақтау басқармасы алдын ала іс-қимыл жоспарын бекіткен. Бұл жоспар үш кезеңнен тұрады. Сол бойынша жұмыс жасалып жатыр. Бүгінгі таңда төсек қоры жеткілікті, дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер толықтай жұмысқа жұмылдырылған. Барлық алгоритм нақты бекітілген, ахуал жіті назарда. Соңғы тәуліктерде тұрғындардың ауруханаға тікелей ағылуы байқалуда. Көптеген науқастар емханаларға бармай, бірден инфекциялық ауруханаға келіп жатыр. Бұл жағдай кезек пен наразылықтың туындауына себеп болуда. Барлық емханалар кешкі 20:00-ге дейін жұмыс істейді. ЖРВИ белгілері бар әр науқастың міндетті түрде ауруханаға келуі шарт емес. Көп жағдайда отбасылық дәрігер немесе емхана деңгейінде көмек көрсету жеткілікті, себебі аурудың 80 пайыздан астамы жеңіл түрде өтеді және амбулаториялық емдеуді қажет етеді. Тұрғындардан ең алдымен өз емханасына, отбасылық дәрігерге жүгінгені дұрыс. Бұл медициналық ұйымдардағы жүктемені азайтып, ауыр жағдайдағы науқастарға дер кезінде көмек көрсетуге мүмкіндік береді, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Сағыныш Нұрғабылова.



Сонымен бірге облыста коронавирусты инфекция және тұмау тектес басқа вирустар (риновирус, парагрипп, аденовирус, бокавирус сияқты) айналымы жүруде екен.

Осыған орай бас дәрігер ата-аналарға балаларды көпшілік орынға жібермеуді, уақытында вирусқа қарсы екпе алуға шақырды.

– Бұл вирустық инфекция, көбіне тыныс жолдарын зақымдап, баланың жалпы жағдайын әлсіретеді. Кішкентайдың мазасызданып, дене қызуының көтерілуі, мұрын бітеліп, жөтел мен тамақ ауруының пайда болуы – тұмаудың алғашқы белгілері болуы мүмкін. Ата-аналар ең алдымен сабыр сақтап, баланың жағдайын мұқият бақылауы қажет. Егер дене қызуы 38°C-тан жоғары болса немесе бала тамақ ішуден, су ішуден бас тартса, міндетті түрде дәрігерге жүгінген жөн. Өзін-өзі емдеуге тырыспай, маманның нұсқауын орындау – бала денсаулығының кепілі. Үй жағдайында баланың бөлмесін желдетіп, ауа ылғалдылығын сақтау маңызды. Балаға жылы сұйықтықтар – шәй, сорпа, компот беру, тыныштық пен ұйқыны қамтамасыз ету ағзаның тез сауығуына көмектеседі. Ал вирустың таралуын болдырмау үшін баланы басқа балалармен байланыстан уақытша шектеу дұрыс шешім болады. Тұмаудың алдын алу – ең жақсы қорғаныс. Маусымдық екпе алу, дұрыс тамақтану, серуендеу және жеке гигиена ережелерін сақтау арқылы баланың иммунитетін нығайтуға болады, – дейді Сағыныш Қабылтайқызы.

Тұмау – маусым сайын қайталанып отыратын, бірақ салдары елеусіз қалдыруға келмейтін дерт. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, алдын алу шараларын ұстанса, вирустың таралуын да, асқынуын да тежеуге болады. Денсаулық – өмірдің ең қымбат қазынасы. Сондықтан тұмаудан сақтану – өзіңе және жақындарыңа деген қамқорлықтың айқын көрінісі.

**Зере ҚУАНЫШ**

МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз» газетінің редакциясы» ЖШС
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65
Бас редактор – САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың орынбасары: Мұратхан ӘЛІМХАН
Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Тілшілер: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ, Арайлым ШАБДЕНОВА, Анель ТОТАНБАЕВА
Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Корректор: Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА
Тілшілер: 54-66-64
Жарнама менеджері: Жансая БАЗАРБАЕВА
Нөмірдің кезекшісі: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

SMM БӨЛІМІ
Контент-редактор: Жаннұр МУХАНОВА
Фото-видео монтажер: Нұрлан БЕКТҰРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды.
Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз: Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
*Жалпы таралымы: 11 822*
*Тапсырыс: 698*
Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №KZ87VPY00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.
Жазылу индексі: 65605
Газет «ERNUR-MEDIA» ЖК-да басылды. Тараз қ., Төле би, 36 «Б».
Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:
8 771 088 60 44 8 705 789 70 74

080000,Қазақстан Республикасы, Тараз қаласы, К,Жалаири 18Б

080000, Республика Казахстан, город Тараз,К.Жалаири 18Б

## Эфирная справка

Заказчик: ТОО «ЭмЭс Ресорсез»

Исполнитель: ТОО «KAZYNA TAU»-Телеканал «77TV» предоставляет информацию о размещении бегущей строки:

«ЭмЭс Ресорсез» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 4-тармағына сәйкес, Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10d-5б-1,6) лицензиялық аумағының шекарасындағы 2022 жылғы 26 қазандағы № 1871-EL, № 1868-EL, № 1870-EL лицензиялары бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының» қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Тыңдау 2025 жылдың 24 желтоқсанында сағат 12:00-де келесі мекенжайда өтеді: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі, Ұзақбай Сыздықбаев ауылы, ауыл клубы. Qosyl сайтындағы кездесуге қосылыңыз: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, кездесу идентификаторы: 932-432-428-412.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаарық ауылдық округі (43° 30'41"N, 69°47'11"E)

Тапсырыс беруші – «ЭмЭс Ресорсез» ЖШС, БСН 200740007856, Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзакова көшесі, 223-ғимарат, 70-пәтер, Тел.: +7 778 660 56 91

Қоршаған ортаны бағалау есебін әзірлеуші: «ECO и К» ЖШС, БСН 061240005922, Мекенжайы: Алматы қаласы, Межинский көшесі, 11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

Қоғамдық тыңдауға ұсынылған материалдарды және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамаларын ndbecology.gov.kz порталының «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінен табуға болады. Барлық пікірлер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz порталында қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган - «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті» мемлекеттік мекемесі: s.agabek@zhambyl.gov.kz, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 133а, тел.: +7 (7262) 45-15-03.

Мемлекеттік экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган - «Жамбыл облысының экология департаменті» мемлекеттік мекемесі.

Қосымша ақпаратты bramazanov@list.ru электрондық поштасы немесе 8 (778) 660-56-91 телефоны арқылы алуға болады.

ТОО «ЭмЭс Ресорсез» в соответствии с п.4 ст.73 Экологического кодекса РК объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам раздела охраны окружающей среды на «План разведки твёрдых полезных ископаемых по лицензии №1871-EL, №1868-EL, №1870-EL от 26 октября 2022 года в границах лицензионной территории К-42-20-(10д-5а-4,5), К-42-20-(10д-5б-1,6) в Сарысуском районе Жамбылской области».

Слушания будут проведены 24 декабря 2025 года, в 12-00 по адресу: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о., а.Узакбай Сыздыкбаева, клуб а.Узакбай Сыздыкбаева. Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=932432428412, идентификатор встречи: 932-432-428-412.

Территория воздействия: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаарыкский с.о. (43° 30'41"С, 69°47'11"В)

Заказчик – ТОО «ЭмЭс Ресорсез», БИН 200740007856, Адрес: РК, г. Алматы, ул. Байзакова, дом 223, кв.70, тел.+7 778 660 56 91

Разработчик Отчета экологической оценки – ТОО «ЭКО и К», БИН 061240005922, адрес: г.Алматы, ул.Межинского,11/17, Тел/факс: +7-727-279-53-75.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz в разделе «Общественные слушания». Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области»: s.agabek@zhambyl.gov.kz, г. Тараз, проспект Абая, 133а, тел: +7 (7262) 45–15–03.

Государственный орган по проведению государственной экологической экспертизы – РГУ «Департамент экологии по Жамбылской области».

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу bramazanov@list.ru и по телефону: 8 (778) 660-56-91.

| Дата | Кол-во выходов |
|---|---|
| 18.11.2025г | 10 выходов в день |

Директор
ТОО "KAZYNA TAU"-Телеканал 7 TV

Бекбергенова М.К.

ТОО "KAZYNA TAU" ЖШС

Баяндама

«Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы К-42-20-(10д-5а-4.5) лицензиялық аумағының шекарасындағы 2022 жылғы 26 қазандағы № 1871-EL, К-42-20-(10д-5б-1) және К-42-(10д-5б-6) лицензиялық аумағының шекарасындағы 2022 жылғы 26 қазандағы № 1868-EL лицензиялары бойынша қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар материалдарына сәйкес

Объект туралы жалпы мәліметтер

Нысанның орналасқан жері: Әкімшілік тұрғыдан лицензиялық аумақ Жамбыл облысының Сарысуауданында, Жаңатас қаласынан оңтүстік-батысқақарай 5км жерде орналасқан. Ең жақын елді мекен – Ұзақбай ауылы Сыздықбаева(Жанарық), лицензиялық аумақтан солтүстік -батысқа қарай 2 – 3 км жерде орналасқан. Лицензияланған аумақтың ауданы 10,3 км құрайды.

Геологиялық барлау жұмыстары кезінде траншея қазу және барлауұңғымаларын бұрғылау көзделеді. Тереңдігі 1 м және ені 0,8 м болатын траншеялар қазу жоспарлануда, бұл қазбаның әр метріне 0,8 м3 құрайды.

II кезеңде барлық траншеялар қазылады.Бастапқыда траншеялар бір – бірінен 600 метр қашықтықта орналасқан сирек желіде қазылады. Содан кейін барлау желісін қалыңдату үшін траншеялар қазылады. Барлық траншеяларды 2026 – 2027 жылдары аяқтау жоспарлануда.

Барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін траншеяларды қайта толтыру қолмен жүзеге асырылады. Қайта барлау ұңғ ымаларын бұрғ ылауды CSD 1300 G бұрғылау қондырғысын (Cummins 6 BTA дизельді қозғалтқышы) өзек бұрғылау әдісімен және BORT LANGIR бұрғылау құралымен жүргізу жоспарлануда сызықтық метр болатын 14 ұңғыма бұрғылау жоспарлануда.

Сумен жабдықтау импортталады. Кәріз жүйелері дәретханалар мен шұңқырлар Жұмыс аяқталғаннан кейін дәретханалар мен шұңқырлар толтырылып, қайта өңделеді. Электр қуатымен жабдықтау қамтамасыз етілмеген Мамандандырылған ұйым қатты қалдықтарды қалалық қоқыс полигонына шығаруды жүзеге асырады.

Бір уақытта нысанда жұмыс істейтін жұмысшылардың болжамды саны 18 адам. Жұмыс уақыты таңғы 9:00 ден кешкі 6:00 ге дейін, 788 күн.

Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін бұрғылау жұмыстары жүргізілген аумақ тұрмыстық қоқыстардан тазартылуы тиіс. Су төгетін құбырлар көмілуі тиіс Жанармай мен майлау материалдарының барлық төгілген жерлерін ластанған топырақты, қалың пластик пакеттерге немесе басқа контейнерлерге жинап, кәдеге жарату немесе көму үшін алып тастау арқылы тазалау қажет толтыру көлемі 560,0 $м^3$ құрайды.

## Обзорная карта района работ

масштаб 1 : 1 000 000




■ - территория лицензии

Атмосфералық ауа

Түгендеу нәтижелері бойынша кәсіпорында 7 стационарлық шығарындылар көзі бар екені анықталды, оның 4 - еуі ұйымдасқан және 3 – еуі ұйымдасқан емес.

Ластаушы заттардың жалпы шығарындылары жылына 14,468658297 тоннаны құрайды. Әсер ету кезеңі: 2026 – 2027 жж.

Барлау жұмыстарына дейінгі кезеңдегі дисперсияны есептеу жұмыс тіктөртбұрышының шекарасындағы барлық заттардың концентрациясы 0,7 ШРК-тана зекенін көрсетті.

«ҚР Қоршаған ортаны қорғау кодексінің» 2- қосымшасының 2 – бөлімінің 7.12-тармағына сәйкес, қатты пайдалы қазбалардың ресурстарын бағалау мақсатында таужыныстарын өндірумен және топырақты жылжыту мен бірге қатты пайдалы қазбаларды барлау II санатқа жатады.

## Су ресурстары

Гидрографиялық желі көктемгі ағынсулармен қоректенетін шағын өзендерден тұрады. Үлкен Ақтау жотасының оңтүстік – шығыс беткейінде оны Беркуты өзені кесіп өтеді, оның ағындысы шаршыметрге 0,052 – ден 1,02 м3 – ке дейін. Ең жақын су айдыны 0,5 км қашықтықта орналасқан.

Өнер кәсіптік және тұрмыстық қажеттіліктер үшін меншікті сумен жабдықтау жүзеге асырылады.

Қызметкерлер жақын маңдағы елді мекенде жалға алынған пәтерде тұрады. Сондықтан үй иесі келісім шарт талаптары бойынша тұрмыстық қажеттіліктер үшін ауыз сумен қамтамасыз етеді. Өнеркәсіптік алаңдағы ауызсу үшін қызметкерлерге импорттық ауыз су беріледі.

Өндірістік мақсаттар үшін бұрғылау кезінде ұңғымаларды жуу үшін су қажет. Бұл мақсатта өнеркәсіптік су импортталады.

## Қалдықтарды басқару бағдарламасы

Кәсіпорын барлығы 2түрлі қалдық шығарады деп күтілуде, оның ішінде: қауіпті емес класты – 2 дана.

Геологиялық барлау жұмыстары кезінде келесі қалдықтар пайда болады:

•Қалалық қатты қалдықтар (қалдық коды 200301) – жылына 0,92 т;

•Бұрғылау шламдары (қалдық коды 010599) – жылына 8тонна;

Өндіріс және тұтыну қалдықтары жиналған сайын, олар жылына кемінде екі рет келісім шарт негізінде мамандандырылған ұйымдарға беріледі; қалдықтардың жиналу мерзімі учаскеде 6 айды құрайды.

Өнеркәсіптік қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы:

Өнеркәсіптік нысандардың қоршаған ортаға әсерін ерте бағалауға мүмкіндік беретінең маңызды қоршаған ортаны қорғаушараларының бірі – қоршаған орта компоненттерінің жай -күйін ұзақ мерзімді бақылау жүйесі болып табылатын өнеркәсіптік мониторинг.

## Атмосфералық ауа:

Шығарынды көздеріндегі шығарындыларды бақылау тоқсанына бір рет баланстық(есептеу) әдісімен қамтамасыз етіледі.

Нысанның санитарлық - қорғау аймағының шекарасындағы әсерді бақылау:

Жұмыстың қысқа мерзімді сипатына байланысты жоспарланбаған. Қоршаған ортаға әсері шамалы деп бағаланады.

## Осы кезеңге арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

2026 -2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс -шаралар жоспарында мыналар көзделген:

Жабдықтың жұмысын уақтылы бақылауды қамтамасыз ету және артық шығарындылардың алдын алу үшін алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ГИДРОГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ - ӨНДІРІСТІК
ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ФИРМАСЫ "КазГИДЭК"
Жауапкершілігі шактаулі сәріктестік

050008, Алматы қаласы, Мынбаев көшесі 43а, оф. 506
тел. 379-85-16, тел/факс 379-84-84
e-mail: kazhydec@mail.ru

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

ГИДРОГЕОЭКОЛОГИЧЕСКАЯ
НАУЧНО-ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ И
ПРОЕКТНАЯ ФИРМА "КазГИДЭК"
Товарищество с ограниченной ответственностью

050008, г. Алматы, ул Мынбаева, 43а, оф. 506
тел. 379-85-16, тел/факс. 379-84-84
e-mail: kazhydec@mail.ru

№ 09 от 10 сәуір 2024г.

**Корытындысы**

2012-2013 жылдар аралығында «ҚазГИДЭК» гидрогеологиялық ғылыми өндірістік компания Беркутинское жер асты суы кен орнының пайдалану қорларын қайта бағалау мақсатында қосымша барлау жұмыстарын жүргізді.

2013 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік резервтер комитетінің №360-13-У хаттамасымен А+В санаттары бойынша 20,0 мың $м^3$/тәу мөлшерінде жер асты суларының баланстық пайдалану қоры бекітілді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Резервтер Комиссиясының хаттамасының нормативтік бөлігінде (3.3.3-тармақ) бақылау желісін кеңейту және мониторинг жүргізу мақсатында Бүркіті су алғышынан Бүркіті-1 карьеріне қарай бақылау ұңғымаларының шоғын бұрғылау ұсынылады жер асты суларының деңгейлік режимі мен химиялық құрамы.

Кен орнының осы бөлігінде 14 геологиялық ұңғымаларды бұрғылауға байланысты «Эм Эс Ресорсиз» ЖШС жобасы бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу Беркутинское кен орнындағы жер асты суларының сандық және сапалық көрсеткіштеріне кері әсерін тигізбейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Резервтер Комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, геологиялық барлау ұңғымаларын бұрғылаудан кейін ұңғымалардың бір бөлігі Бүркіті су алғышы үшін гидрогеологиялық бақылау ұңғымаларына айналуы тиіс.

Директор С.И. Рачков